

горизонтқа $0...10^{\circ}$ бұрышпен көлбетіледі. Жұмысты «солақай» әдіспен төменнен жоғары қарай орындайды. Газ жандырғыш мүштігі горизонтқа $30...60^{\circ}$ бұрышпен көлбетіледі, ал мүштік пен толықтырғыш материал арасындағы бұрыш $90...110^{\circ}$ шамасында болады. Толықтырғыш материал ұшы үнемі балқыма ваннасына батырылып тұрады. Балқыма қабатын құю қалыпты жағдайда жүргізілсе, мырыштың күйі тоқтап, балқыма жоялары бірбіріне жинақы орналасады да, ваннаның жалын әсер етпеген бөлігін тұтас шлак қабығы жауып жатады. Балқыма қабатының беті тегіс болып, оны тұтас шлак қабығы жауып жатуы керек. Ал келесі қабатқа түсетін балқыманы құйған жағдайда, мүштік пен негізгі металл арасындағы көлбету бұрышы аздап үлкейтіледі. Бұйым бетін шлактан тазалаудан қажеті жоқ. Бұл газданатын флюсті пайдаланғанның нәтижесі.